

Қарағанды техникалық университеті бойынша өкім

Қарағанды қ.

№ 49

«01» 07 2021 ж.

**2021 – 2022 оқу жылында оқу процесін
ұйымдастыру тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына», Қарағанды техникалық университетінің Жарғысына, ішкі тәртіп қағидаларына, академиялық саясат туралы Ережеге, университеттің академиялық күнтізбесі мен оқу процесінің кестесіне сәйкес, 2021 – 2022 оқу жылына оқу процесін ұйымдастырудың келесі тәртібі белгіленсін:

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқу процесінің кестесі:

1 кесте

Бакалавриат (күндізгі бөлім)

Курс	Мамандық	Теориялық оқытудың басталуы	Апта саны	Теориялық оқытудың аяқталуы	Сессия кезеңі	Практика кезеңі
Күзгі семестр						
1-4	Барлық мамандықтар	01.09.2021ж.	15	11.12.2021ж.	13.12.2021ж. - 31.12.2021ж.	-
4	«Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары қысқартылған оқу мерзімімен	Диплом алдындағы практика 06.09.2021 ж. - 09.10.2021 ж. Қорытынды аттестаттау 11.10.2021 ж. – 29.12.2021 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 20.12.2021 ж. - 29.12.2021 ж.				
5	«Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары	01.09.2021ж.	15	11.12.2021.	13.12.2021ж. - 31.12.2021ж.	-
Көктемгі семестр						
1-3	Барлық мамандықтар	17.01.2022ж.	15	30.04.2022ж.	03.05.2022ж. - 21.05.2022ж.	23.05.2022ж. - 25.06.2022ж.
2	ЕЖ базасында қысқартылған оқу мерзімі	17.01.2022ж.	7	05.03.2022ж.	07.03.2022ж. - 12.03.2022ж.	17.01.2022ж. - 05.03.2022ж.
2	ЕЖ базасында қысқартылған оқу мерзімі	Қорытынды аттестаттау 14.03.2022 ж. – 18.06.2022 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 23.05.2022 ж. - 18.06.2022 ж.				
3	Арнайы орта білім базасында қысқартылған оқу мерзімі	17.01.2022ж.	7	05.03.2022ж.	07.03.2022ж. - 12.03.2022ж.	17.01.2022ж. - 05.03.2022ж.
3	Арнайы орта білім базасында қысқартылған оқу мерзімі	Қорытынды аттестаттау 14.03.2022 ж. – 18.06.2022 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 23.05.2022 ж. – 18.06.2022 ж.				
4	«Сәулет» және «Дизайн» мамандықтарынан басқа барлық мамандықтар	Диплом алдындағы практика 17.01.2022 ж. – 19.02.2022 ж. Қорытынды аттестаттау 21.02.2022 ж. – 18.06.2022 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 23.05.2022 ж. - 18.06.2022 ж.				
4	«Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары	17.01.2022ж.	15	30.04.2022ж.	03.05.2022ж. - 21.05.2022ж.	23.05.2022ж. - 25.06.2022ж.
5	«Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары	Диплом алдындағы практика 17.01.2022 ж. – 19.02.2022 ж. Қорытынды аттестаттау 21.02.2022 ж. – 18.06.2022 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 23.05.2022 ж. - 18.06.2022 ж.				

Бакалавриат (сырттай оқу түрі)

Курс	Мамандық	Теориялық оқытудың басталуы	Апта саны	Теориялық оқытудың аяқталуы	Сессия кезеңі	Практика кезеңі
Күзгі семестр						
4	Жеделдетілген оқу мерзімімен барлық мамандықтар	01.09.2021ж.	15	29.12.2021ж.	-	06.09.2021ж. – 09.10.2021ж.
Қорытынды аттестаттау 11.10.2021 ж. – 29.12.2021 ж. Бітіру жұмыстарын қорғау 20.12.2021 ж. – 29.12.2021 ж.						

Магистратура

Курс	Мамандық	Теориялық оқытудың басталуы	Апта саны	Теориялық оқытудың аяқталуы	Сессия кезеңі	Практика кезеңі
Күзгі семестр						
1	Барлық мамандықтар	01.09.21ж.	15	11.12.21ж.	13.12.2021ж.- 31.12.2021ж.	-
(1; 1,5; 2 жыл)	Барлық мамандықтар	01.09.21ж.	15	11.12.21ж.	13.12.2021ж.- 18.12.2021ж.	-
2 (1,5 жыл)	Барлық мамандықтар	Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаларды қорғау 20.12.2021 – 31.12.2021 ж.				
2 (1,5 жыл)	Барлық мамандықтар	01.09.21ж.	15	11.12.21ж.	13.12.2021ж.- 31.12.2021ж.	01.09.21ж.- 11.12.21ж.
Көктемгі семестр						
1 (1 жыл)	Барлық мамандықтар	17.01.22ж.	15	30.04.22ж.	02.05.2022ж.- 21.05.2022ж.	18.01.22ж.- 30.04.22ж.
1 (1 жыл)	Барлық мамандықтар	Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаларды қорғау 23.05.2022 ж. - 30.06.2022 ж.				
1 (1,5 жыл)	Барлық мамандықтар	17.01.22ж.	15	30.04.22ж.	06.06.2022ж.- 30.06.2022ж.	21.02.22ж.- 04.06.22ж.
1 (2 жыл)	Барлық мамандықтар	21.02.22ж.	15	04.06.22ж.	06.06.2022ж.- 30.06.2022ж.	17.01.22ж.- 19.02.22ж.
2 (2 жыл)	Барлық мамандықтар	17.01.22ж.	15	30.04.22ж.	02.05.2022ж.- 21.05.2022ж.	-
2 (2 жыл)	Барлық мамандықтар	Қорытынды аттестаттау және магистрлік диссертацияларды қорғау 23.05.2022 ж. - 30.06.2022 ж.				

Докторантура

Курс	Мамандық	Теориялық оқытудың басталуы	Апта саны	Теориялық оқытудың аяқталуы	Сессия кезеңі	Практика кезеңі
Күзгі семестр						
1	Барлық мамандықтар	01.09.21ж.	15	11.12.21ж.	13.12.2021ж.- 31.12.2021ж.	01.09.2021ж.- 31.12.2021ж.
2, 3	Барлық мамандықтар	01.09.21ж.	15	11.12.21ж.	13.12.2021ж.- 31.12.2021ж.	-
Көктемгі семестр						
1	Барлық мамандықтар	17.01.22ж.	15	30.04.22ж.	02.05.2022ж.- 21.05.2022ж.	17.01.22ж.- 30.06.22ж.
2, 3	Барлық мамандықтар	17.01.22ж.	15	30.04.22ж.	02.05.2022ж.- 21.05.2022ж.	
3	Барлық мамандықтар	Диссертация жазу және қорғау 23.05.2022 ж. - 30.06.2022 ж.				

1.2. ЖОО Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін университет әкімшілігі оқудан шығарылғанға дейін білім алушыларға тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

1.3. Университеттен шығарылған білім алушыға транскрипт беріледі.

2. Үлгерімге ағымдағы бақылау жүргізу

2.1. Ағымдағы бақылау академиялық саясат туралы Ереженің 5-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

2.2. Кафедра меңгерушілері 2021 жылғы 26 тамызға дейін Univer 2.0 АЖ-да ағымдағы, аралық бақылау және аралық аттестаттау нәтижелерін енгізуге жауапты оқытушыларды бекітуге түзету енгізуі тиіс.

2.3. Ағымдағы бақылау бағаларын, сондай-ақ білім алушылардың аудиториялық сабақтарға қатысуын бекітілген пәндер мен сабақ түрлері және академиялық сабақтар кестесі бойынша силлабусқа сәйкес оқытушылар күн сайын Univer 2.0 АЖ-ға қоюы тиіс.

2.4. Қашықтықтан оқыту (қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып) кесте бойынша ЖОО сайтында орналастырылған материалдардың, бейне жазбалардың, онлайн-конференциялар түріндегі тірі қарым-қатынастың, сондай-ақ электрондық пошта, ісқ немесе скайп арқылы білім алушылармен байланыстың көмегімен жүргізіледі. Бірінші курс студенттері белгілі бір топтарға қабылданады, оларға университет сайтындағы жеке кабинетіне кіру үшін пароль беріледі. Бұл жеке кабинетте білім алушылар үшін оқуға қажетті материалдар – дәрістер жазбалары, конспектілер, оқулықтар мен ғылыми құралдар, бақылау және басқа да тексеру материалдары орналастырылады. Онда олар бір аптаға немесе семестрге тапсырмалар қояды. Барлық материалдар студенттерге электронды пошта арқылы жіберілуі мүмкін.

2.5. Білім алушылар бекітілген академиялық сабақтар кестесі мен консультациялар кестесіне бағынуға тиіс. Студенттің міндетті түрде қатысуын талап ететін тікелей қарым-қатынас форматында тек дәрістер, семинарлар немесе коллоквиумдар өткізіледі. Студент барлық басқа материалдарды өзіне ыңғайлы уақытта оқи алады. Барлық бақылау тапсырмаларын, сынақтарды, емтихандарды және курстық жұмыстарды/жобаларды академиялық сабақтардың графигі мен кестелеріне сәйкес мерзімінде тапсыру қажет.

2.6. Әр студентке оқу процесін ұйымдастыруға көмектесетін куратор тағайындалады. Оқытушы БОӨЖ шеңберінде пән бойынша консультациялар кестесін жасауға міндетті.

3. Үлгерімге аралық бақылау жүргізу

3.1. Аралық бақылау (аттестаттау) академиялық саясат туралы Ереженің 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

3.2. Аралық бақылау бағасы силлабусқа сәйкес барлық пәндер мен сабақ түрлері бойынша күн сайын оқытушылар қоятын ағымдағы бақылау бағаларынан автоматты түрде қалыптастырылады (5 – 7 кесте). Аралық бақылау бағалары мен емтихан бағаларын қою технологиясының сақталуын бақылау Тіркеу кеңсесінің басшысына жүктеледі.

5 кесте

Күндізгі бөлімде оқитын студенттер мен ҚБТ колдана отырып білім алушылар үшін аралық бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

Күзгі семестр		
Аралық бақылау	Аттестаттау кезеңі	Univer 2.0 АЖ-да аралық бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі
I	01.09.2021ж. – 16.10.21ж.	11.10.2021ж. – 16.10.2021ж.
II	18.10.2021ж. – 04.12.21ж.	29.11.2021ж. – 04.12.2021ж.
Көктемгі семестр		
ЕЖ базасында қысқартылған оқу мерзімімен оқитын 2 курс және арнайы орта білім базасындағы 3 курс студенттері үшін		
I	17.01.2022ж. – 05.02.2022ж.	31.01.2022ж. – 05.02.2022ж.
II	07.02.2022ж. – 26.02.2022ж.	21.02.2022ж. – 26.02.2022ж.
Қалған студенттер үшін		

I	17.01.2022ж. – 05.03.2022ж.	28.02.2022ж. – 05.03.2022ж.
II	08.03.2022ж. – 23.04.2022ж.	18.04.2022ж. – 23.04.2022ж.

6 кесте

Магистранттар үшін аралық бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

Күзгі семестр		
Аралық бақылау	Аттестаттау кезеңі	Univer 2.0 АЖ-да аралық бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі
I	01.09.2021ж. – 16.10.21ж.	11.10.2021ж. – 16.10.2021ж.
II	18.10.2021ж. – 04.12.21ж.	29.11.2021ж. – 04.12.2021ж.
Көктемгі семестр		
Оқу мерзімі 2 жыл 1 курс магистранттары үшін		
I	21.02.2022ж. – 09.04.2022ж.	04.04.2022ж. – 09.04.2022ж.
II	11.04.2022ж. – 28.05.2022ж.	23.05.2022ж. – 28.05.2022ж.
Қалған магистранттар үшін		
I	17.01.2022ж. – 05.03.2022ж.	28.02.2022ж. – 05.03.2022ж.
II	07.03.2022ж. – 23.04.2022ж.	18.04.2022ж. – 23.04.2022ж.

7 кесте

Докторанттар үшін аралық бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

Күзгі семестр		
Аралық бақылау №	Аттестаттау кезеңі	Univer 2.0 АЖ-да аралық бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі
I	01.09.2021ж. – 16.10.21ж.	11.10.2021ж. – 16.10.2021ж.
II	18.10.2021ж. – 04.12.21ж.	29.11.2021ж. – 04.12.2021ж.
Көктемгі семестр		
Аралық бақылау №	Аттестаттау кезеңі	Univer 2.0 АЖ-да аралық бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі
I	17.01.2022ж. – 05.03.2022ж.	28.02.2022ж. – 05.03.2022ж.
II	07.03.2022ж. – 23.04.2022ж.	18.04.2022ж. – 23.04.2022ж.

4. ҚБТ қолдана отырып білім алушылар үшін аралық бақылау және аралық аттестаттау жүргізу

ҚБТ қолдану арқылы білім алушылар үшін үлгерімге ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу:

- 1) телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, білім алушы мен оқытушының «on-line» режимінде тікелей қарым-қатынасы;
- 2) автоматтандырылған тестілеу кешендері;
- 3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру.

Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау оқытушы айқындайтын оқу жұмысының әртүрлі түрлерімен (тесттер, практикалық тапсырма және т.б.) ұсынылуы мүмкін.

Ағымдағы және аралық аттестаттау тапсырмаларының күрделілік деңгейі өткен материалға сәйкес келуі және білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс.

Аралық аттестаттауға тесттік және өзге де тапсырмаларды әзірлеуге пәнді (модульді) жүргізетін оқытушы жауапты болып табылады.

Оқытушылар үлгерімге ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу кезінде онлайн прокторинг технологияларын қолдана отырып, білім алушыларды верификациялауды жүргізуге міндетті.

5. Білім алушыны келесі курсқа ауыстыру

5.1. Білім алушының оқу жылы ішіндегі үлгерімнің орташа балын (GPA) университетте белгіленгеннен төмен емес жинауы білім алушыны курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты болып табылады.

5.2. 2021-2022 оқу жылына өту балының деңгейі ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді, 28.06.2021 ж. № 15 хаттама оқу мерзімі мен нысанына қарамастан студенттер үшін: 1

курс – 1,8; 2 курс – 2,0; 3-және одан жоғары курс – 2,2; 1 курстың ғылыми – педагогикалық бағытындағы магистранттар үшін-2,8; 1 курстың бейіндік бағытындағы магистранттар үшін – 2,4; 1 курстың докторанттары үшін – 2,9, 2 курс – 3,0 құрайды.

Студенттер, магистранттар мен докторанттар жазғы емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін Univer 2.0 АЖ-ны пайдалана отырып, Жеке кабинетте GRA-ны тексеруге міндетті.

5.3. Білім алушыны келесі курсқа ауыстыру академиялық саясат туралы Ереженің 8-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

5.4. Қосымша пәндерді оқу, академиялық қарыз бен академиялық айырмашылықты жою үшін оқытуды ұйымдастыру академиялық саясат туралы Ереженің 9-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес 28.06.2021 ж. №15 хаттама, Жазғы семестр 06.06.2022 ж. бастап 16.07.2022 ж. дейінгі кезеңде бакалавриат және докторантура үшін, 04.07.2022 ж. бастап 13.08.2022 ж. дейінгі магистратура үшін өткізіледі.

5.5. 1 курс магистранттары үшін білім алушылардың (бакалавриат және докторантура) қосымша пәндерді оқуға жазылуы 06.09.2021 ж. дейін күзгі семестрде, 31.01.2022 ж. дейін көктемгі семестрде, 04.06.2022 ж. дейін жазғы семестрде, 02.07.2022 ж. дейін жазғы семестрде.

5.6. Оқытушылар қосымша оқыту жөніндегі барлық ведомостарды жазғы семестрдің соңғы аяқталған күнінен кешіктірмей тапсыруға міндетті.

6. Оқу тәртібі

6.1. Жеке оқу жоспарлары негізінде оқу сабақтарының кестесі жасалады, оны академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей оқу және әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін проректор бекітеді.

6.2. Аудиториялық сабақтардың кестесі байланыс сағаттары бойынша жасалады. Сабақтың басталуы сағат 9.00.

6.3. Оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы (СӨЖ) нақты уақытты көрсете отырып, білім алушылармен келісілген жеке кесте бойынша оқытушылар өткізетін аудиториялық сабақтар және сабақтар түрінде кестеге сәйкес жүргізіледі.

6.4. Күндізгі бөлімде оқитын білім алушылар үшін, сондай-ақ ерекше жағдайлар үшін (карантин кезеңінде және т.б.) сабақтардың ұзақтығы мен уақыты, академиялық саясат туралы ережеде көрсетілген.

6.5. Сабақ басталғаннан кейін білім алушылардың аудиторияға дәлелсіз себептермен кіруіне тыйым салынады.

6.6. Оқу сабақтары басталғанға дейін (және олардың арасындағы үзілістерде) зертханашылар мен ассистенттер қажетті оқу аппаратурасын дайындайды, үй-жайды желдетеді.

6.7. Сабақтар ағындарда, топтарда және кіші топтарда ұйымдастырылады. Топтағы білім алушылардың саны академиялық саясат туралы Ережемен анықталады.

6.8. Әр топта «оқу тобының старостасы» 08-2021 ҚарТУ ӘН сәйкес жұмыс істеуі тиіс ең үлгерімді және тәртіпті студенттер қатарынан староста және оның орынбасары тағайындалады.

6.9. Білім алушының құқықтары мен міндеттері:

- ҚарТУ Жарғысымен;
- Ішкі тәртіп Ережелерімен;
- Академиялық саясат туралы ережесімен бекітіледі;

СМЖ құжаттарымен:

- ҚарТУ ҚР II-04-2020 сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері
- ҚарТУ ҚР II-05-2020 сапа саласындағы мақсаттар мен жоспарларды әзірлеу
- ҚарТУ ҚР II-07-2020 Оқу-ұйымдастыру үдерістерін басқару
- ҚарТУ ҚР II-08-2020 жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-ұйымдастыру үдерістерін басқару
- ҚарТУ ІҚЕ IV-02-2020 Білім алушылардың ғылыми қызметінің процестерін басқару туралы

- ҚарТУ ІКЕ IV-04-2020 Тәрбие үрдісін басқару
- ҚарТУ Е IV-10-2020 Қарағанды техникалық университеті КЕАҚ білім алушыларының дәстүрлі және қашықтықтан оқыту форматындағы сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру туралы
- ҚарТУ Е IV-11-2020 Қарағанды техникалық университеті КЕАҚ білім алушыларының дәстүрлі және қашықтықтан оқыту форматтарындағы ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру туралы
- ҚарТУ Е IV-13-2020 Кәсіби практикаларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары
- ҚарТУ ӘН IV-02-2020 Студенттерге сауалнама жүргізу арқылы білім беру қызметтерінің сапасын бақылау
- ҚарТУ ӘН IV-06-2020 Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын жалпы талаптар
- ҚарТУ ӘН IV-07-2020 Курстық жобалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі
- ҚарТУ ӘН IV-08-2020 Зертханалық, практикалық және семинар сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәртібі
- ҚарТУ ӘН IV-11-2020 Академиялық топтың кураторы

6.10. Білім алушы міндетті:

- университет және жатақхана аумағында ҚарТУ-дың ішкі тәртіп ережелеріне және басқа да нормативтік құжаттарға бағынуға;
- аралық бақылау және оқытылатын пәндер бойынша аралық аттестаттау бағаларын енгізуді бақылау, UNIVER 2.0 АЖ-дағы жеке кабинетті пайдалана отырып, GPA деңгейі.

6.11. Университетте өткізу жүйесі бар. Корпусқа кіру электрондық рұқсаттама болған кезде жүргізіледі.

6.12. Оқу тәртібін, Университет пен жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ академиялық саясат туралы Ережеде және ҚарТУ-дың басқа да нормативтік құжаттарында көрсетілген білім алушылардың міндеттерін орындамағаны үшін білім алушыларға келесі тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- университеттен шығару.

6.13. Тәртіптік ықпал ету шаралары қабылданған жағдайда: жоғарыда көрсетілген шаралар шығарылғаннан кейін университеттің ескертулері, сөгістері, оқудан шығарылуы, ақтауға ұсынылған медициналық анықтамалар және басқа да құжаттар олардың күшін жою үшін негіз болып табылмайды.

6.14. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



А.З. Исагулов

**КӨШІРМЕ
ДҰРЫС**

Р.И.